Молдабек Ескер Бегалыұлының «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ұлт руханияты мен әлемдік өркениеттің тоғысқан тұсында тұрған тарихи тұлғалар – адамзат мәдени дамуының іргелі бағыттарын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын феномендер. Солардың бірі әрі бірегейі – Шығыс пен Батыстың рухани-ғылыми дәстүрлерін тоғыстырған, терең философиялық ілім мен мәдени интеграцияның көрнекті өкілі – Әбу Насыр әл-Фараби. Осы диссертациялық зерттеу әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипатын «өркениеттер сұхбаттастығы» ұғымы аясында қарастырып, оны мәдени-философиялық, пәнаралық және өркениеттік парадигмалар шеңберінде зерделеуге бағытталған. Сонмен қатар ғылым мен мәдениеттің трансшекаралық синтезіне негізделген қазіргі дәуірде өркениетаралық үнқатыс қажеттігі барған сайын өзектілікке ие болуда. Әсіресе жаһандық сын-қатерлер мен рухани дезориентация жағдайында мәдени медиаторлар ретіндегі тарихи тұлғалардың маңызы жаңа қырынан танылуда. Осы контексте әл-Фараби тұлғасы – тек ортағасырлық философ немесе энциклопедист қана емес, рухани үйлесім мен гуманистік рационализмді ұштастырған *метатұлға* ретінде пайымдалуы тиіс. Оның мұрасы – әртүрлі мәдени-когнитивтік жүйелер арасындағы үндестік пен диалогты қамтамасыз еткен *тарихи-рухани көпір,* яғни өркениеттер сұхбаттастығының іргелі арқауы.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі тарихи-мәдени кеңістік - адамзат өркениетінің құндылықтық бағдарлары күрт өзгерген, семантикалық құрылымдар бұзылған және ұжымдық болмыс релятивизацияланған кезеңіне айналды. Бұрынғы дәстүрлі координаттар жүйесі өзінің тұрақтылығынан айрылып, қоғамдық сананың метафизикалық негіздері *онто-аксиологиялық бос кеңістікке* тап болды. Бұл жағдай көптеген елдер үшін тек саяси-экономикалық емес, сонымен қатар терең *идеялық-визионерлік дағдарысты* көрсетеді. Осындай үдерісте мәдени жадыны қайта қалпына келтіріп, өркениеттік кодтарды жаңаша пайымдауға қабілетті тарихи тұлғалардың рухани капиталы ерекше маңызға ие болуда. Осы тұрғыдан алғанда, Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғасы - *интеллектуалдық сабақтастық пен идеялық интеграцияның* әмбебап символына айналып отыр.

Диссертациялық жұмыстың зерттелу деңгейі. Зерттеу барысында қолданылған дереккөздер қазақ, орыс, ағылшын, түрік және араб тілдерінде

жазылған ғылыми материалдардан тұрады. Бұл деректер мен еңбектер шығыстану, тарихнамалық-hermeneutic және философиялық талдау әдістеріне сәйкес сұрыпталып, тілдік және мәдени контекстті ескере отырып жүйеленді. Деректер мен зерттеулер шартты түрде бес бағыт бойынша жіктелді:

1. Ұлттық фарабитанулық мектеп;
2. Посткеңестік ғылыми дискурс;
3. Араб-мұсылмандық классикалық тарихнама;
4. Батыстық фарабитанулық зерттеулер;
5. Түркі әлеміндегі мәдени-философиялық көзқарастар жүйесі.

Ұлттық фарабитану мектебі – XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасып, қазіргі кезеңге дейін әл-Фараби мұрасын жүйелі түрде зерттеп келе жатқан ғылыми бағыт. Бұл мектептің басты ерекшелігі – ұлы ойшылдың философиялық, этикалық, логикалық, ғылыми және дүниетанымдық идеяларын қазақ мәдени-философиялық кеңістігімен өзара сабақтастықта қарастыруында. Аталған мектептің негізін қалаушылар қатарында А.Х. Қасымжанов, Ә.Н. Нысанбаев, М.С. Орынбеков, О.А.Сегізбаев, Ғ.Ғ. Ақманбетов, М.С.Бурабаев, А.Қ. Қасабек, Б.Р. Қазыханова, М.Ш.Хасанов, Ж.Ж. Молдабеков, Ә. Дербісалы, К.Х. Тәжікова, Ж.А. Алтаев, А.Машанов, А.Көбесов, Е.Жәнібеков сияқты белгілі ғалымдар бар. Бұл зерттеушілер өз еңбектерінде әл-Фараби көзқарастарын қазақ дүниетанымының негізгі өлшемдерімен (парасаттылық, әділет, қоғамдық келісім, рухани кемелдік, білім мен тәрбие идеялары) салыстыра отырып, оның философиялық жүйесін ұлттық философиялық мұрамен интеграциялауға талпыныс жасайды..

Посткеңестік кеңістікте әл-Фараби мұрасын зерттеуге арналған ғылыми бағыттар XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптаса бастағанымен, олардың мазмұны мен танымдық бағыттары саяси-идеологиялық, мәдени-философиялық және өркениеттік факторлардың тоғысында ерекше сипат алды. Кеңестік кезеңде фарабитануға деген ғылыми қызығушылық, бір жағынан, марксистік-материалистік дүниетанымның талаптарына бейімделіп, тарихи-идеологиялық міндеттерді орындау мақсатын көздесе, екінші жағынан, ислам философиясына, Шығыс гуманизміне деген жасырын ішкі ұмтылысты да бейнелеп отырды. Осы тұрғыда ерекше танылған ғалымдар қатарында Бобожон Гафуров (Тәжікстан) пен Мұзаффар Хайруллаев (Өзбекстан) сияқты ірі зерттеушілер бар. Олар өз еңбектерінде әл-Фарабиді ислам өркениеті мен ғылыми рационализмнің тоғысындағы әмбебап тұлға ретінде сипаттай отырып, оны мәдени мұра мен қазіргі замандық гуманитарлық ғылымдардың тоғысқан түйіні ретінде қарастырды.

Араб-мұсылман шежірелеріндегі әл-Фараби бейнесі – ислам өркениетінің тарихи жадында тұлғалық репрезентацияны институциялаудың бастапқы кезеңін құрайтын маңызды мәдени-нарративтік құрылым. Қазіргі араб философиялық зерттеулерінде фарабитану – ислам философиясының рационалистік дәстүрін қайта пайымдау мен оны

жаһандық интеллектуалдық жүйелермен сабақтастырудың маңызды алаңына айналуда. Бұл бағыттағы танымал араб зерттеушілері – Мухсин Махди, Маджид Фахри, Саид Фуат Хаддад, Абед Шукри, Кемаль Салим және басқалар әл-Фарабидің философиялық концептілерін *эпистемология, саяси теория, метафизика, логика және этика* салаларында кеңінен талдап, оны исламдық рационализмнің әрі интеркультуралық философияның өзегіне айналдыруда.

Батыстық фарабитану саласында Жоп Ламмер, Колмо Кристофер, Герберт Дэвидсон, Жошуа Паренс, Георгиос Стэйрис, Александр Орвин сынды зерттеушілер әл-Фараби ілімін трансмәдениетті таным мен идеялар көші-қоны (semantic migration) тұрғысынан зерделеген. А. Орвин, мысалы, оны этникалық, діни және саяси өлшемдердің қиылысындағы интеллектуал ретінде сипаттайды.

Түрік ғалымдарының еңбектері – Х.З.Үлкен, Б.Қарлыға, Н. Кеклик, М. Түркер Күйел – әл-Фарабидің түркілік болмысын айқындай отырып, оның мұрасын ислам философиясы мен түркі дүниетанымының синтезі ретінде қарастырады.

Диссертациялық жұмыс барысында Әбу Насыр әл-Фараби өмір сүрген кезеңдердегі мұсылман Шығысының рухани және қоғамдық-саяси өмірін зерттеуде неміс-ағылшын шығыстанушы ғалымдарының: Ф.Розенталь, Ван дер Варден, А.Мец, О.Нейгебауер, Н.И. Конрадтың еңбектері кеңінен пайдаланылды.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны: Әбу Насыр әл-Фарабидің тарихи-философиялық тұлғасы мен мұрасы, оның өркениеттер сұхбатындағы мәдени-танымдық рөлі. Бұл жұмыс әл-Фарабиді антикалық рационализм мен ислам метафизикасын, шығыстық даналық пен түркілік дүниетанымды тоғыстырған интерцивилизациялық ойшыл ретінде қарастырады.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні: Әл-Фараби феномені: тұлғалық болмысы мен идеяларының өркениетаралық үндестіктегі мәдени медиаторлық мәні.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің басты мақсаты – Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғасын өркениеттік тоғысу аймағында бой көрсеткен метаинтеллектуалдық құбылыс ретінде пайымдап, оның тарихи-шығыстанушылық және мәдени медиаторлық болмысын кешенді, интердисциплинарлық тұрғыдан зерделеу. Зерттеу барысында әл-Фарабидің тұлғасы мәдени-онтологиялық агент ретінде, идеялар көші-қонын (semantic migration), аксиологиялық үндестікті және таным жүйелерінің метатеориялық үйлесімін жүзеге асырған тарихи феномен ретінде ашылады. Осы арқылы ойшылдың философиялық жүйесі адам мен қоғам, ақыл мен парасат, мемлекет пен руханилық арасындағы универсал үйлесімділіктің категориялық-құрылымдық моделін ұсына алатын, жаһандық аксиологиялық трансформацияларға жауап бере алатын концептуалдық ресурс ретінде пайымдалады.

Міндеттері:

- Әл-Фарабидің өмір сүрген дәуірінің тарихи-әлеуметтік, саяси және мәдени кеңістігін өркениеттік динамика контексінде кешенді түрде сипаттау, оның рухани қалыптасуына әсер еткен геомәдени факторлар мен интеллектуалдық орта құрылымын реконструкциялау;
- Ойшылдың дүниетанымдық эволюциясына ықпал еткен антикалық философия, ислам метафизикасы, шығыстық интуитивизм және түркілік аксиология арасындағы идеялық өзара әрекеттестік жүйесін талдап, онтологиялық және гносеологиялық негіздерін анықтау;
- Әл-Фарабидің ғылыми-когнитивтік мұрасында Батыс пен Шығыс ойлау жүйелерінің арасындағы концептуалдық үндестік пен семантикалық дәнекерлікті ашып көрсету, бұл тұғырды өркениетаралық танымның теориялық үлгісі ретінде пайымдау;
- Ойшылдың мәдениетаралық сұхбаттағы медиаторлық рөлін ашып, оның философиялық синтезі арқылы қалыптасқан аксиологиялық трансляция мен идеялар миграциясының өркениеттік салдарын жүйелі талдау;
- Әл-Фараби мұрасындағы түркілік руханиятпен үндесетін идеялық құрылымдарды философиялық-онтологиялық ракурста зерделеп, олардың мәдени жад пен метафизикалық болмысты танудағы маңызын негіздеу;
- Әл-Фарабидің ілімін қазіргі жаһандық құндылықтар дағдарысы жағдайында этикалық бағдар ретінде саралап, оны заманауи білім беру, рухани тәрбие және мәдени саясат салаларында қолданудың әдіснамалық тәсілдерін ұсыну;
- Әл-Фараби тұлғасын интеркультуралық транслятор және метафизикалық агент ретінде философиялық дискурсқа енгізу арқылы оны жаһандық өркениетаралық теорияның негізгі субъектілерінің бірі ретінде ұсыну.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысы фарабитанудың қалыптасқан классикалық шеңберінен шығып, Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғасын мәдени-философиялық метамодель ретінде пайымдауға бағытталған. Ойшылдың тарихи-философиялық келбеті тек антикалық мұрагер немесе исламдық рационалист ретінде емес, өркениетаралық семиозис кеңістігінде әрекет етуші *когнитивтік медиатор, интеллектуалдық транзит агент және метафизикалық транслятор* ретінде кешенді интерпретацияланды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы келесі өзекті тұжырымдарда шоғырланады:

- *Әл-Фараби феномені алғаш рет постдисциплинарлық зерттеу шеңберінде қарастырылып*, оның дүниетанымдық болмысы герменевтикалық онтология, аксиологиялық трансмиссия және мәдени архетиптік құрылымдар аясында талданды. Бұл тәсіл арқылы Фараби тек тарихи философ емес, *өркениеттер арасында ойлау жүйесін аударушы семиотикалық тұлға* ретінде анықталды;

- Ғұлама мұрасы *семантикалық миграция феномені* ретінде қарастырылып, оның философиялық категорияларды антикалық дәстүрден исламдық ортаға көшіруде қолданған ұғымдық-концептуалдық механизмі, терминологиялық реконфигурациясы және метатілдік құрылымы алғаш рет кешенді сипатта жүйеленді;
- Ойшылдың *құндылықтық код жүйесі* – антикалық пайым, исламдық онтология және түркілік толеранттылықтың синкреттік тоғысынан туындаған әмбебап метафизикалық өріс ретінде теориялық тұрғыда құрылымдалды. Бұл аспектілер оның философиясын қазіргі өркениеттік дағдарыс жағдайында *мәдени-этикалық бағдаршы* ретінде ұсынуға мүмкіндік береді;
- Зерттеу жұмысы әл-Фарабидің ғылыми энциклопедизміне – логика, музыка, саясат, метафизика және таным теориясы аясындағы еңбектеріне *интеркультуралық парадигма* негізінде талдау жасап, оның *эпистемологиялық гибридтілігі* мен *ойлау мәдениеттері арасындағы когнитивтік диалог құру қабілетін* алғаш рет анықтады;
- Әл-Фараби тұлғасы *өркениеттік метакеңістіктегі медиативті субъект* ретінде сипатталып, оның идеялары Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени теңгерім құруға бағытталған *интеллектуалдық хаб* функциясын атқарғаны теориялық негізде дәлелденді;
- Диссертациялық жұмыста әл-Фарабидің *саяси-этикалық философиясы*, атап айтқанда «Қайырымды қала» моделі – әділет пен ізгілікке негізделген *онтологиялық құрылым ретінде*, қазіргі жаһандық қауымдастықтағы этикалық модернизация мәселелерімен сабақтастырыла талданды;
- Зерттеу барысында фарабитану ғылымының *қазіргі пәнаралық және өркениеттік таным парадигмасына сәйкестігі* қарастырылып, оның мұрасы тек тарихи референция емес, *философиялық трансактуалдылықтың* қайнар көзі ретінде негізделді. Бұл тәсіл әл-Фарабиді XXI ғасыр үшін *жол көрсетуші рухани-интеллектуал тұлға* ретінде қайта ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы. Диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық қағидалары мен қорытындылары автордың 8 ғылыми мақаласы арқылы талқыға ұсынылған, 4 мақала тікелей тақырыпқа сай көрініс тапқан, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда, 3 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 1 мақала тікелей тақырыпқа сай Scopus базасына енетін журналдардың бірінде жарияланған.

Зерттеу жұмысы: кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиет тізімінен тұрады. Жұмыстың көлемі – 153 бет.